

## Курчатов қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2016 жылғы 18 наурыздағы № 44/328-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 сәуірде № 4527 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 11/76-VII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 10.12.2021 № 11/76-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабы 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 6 – бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10030 нөмірімен тіркелген) бұйрығымен бекітілген коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларына сәйкес Курчатов қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, Курчатов  
қалалық мәслихаты хатшысының  
өкілеттігін уақытша жүзеге асырушы*

*С. Рыспеков*

Курчатов қалалық  
мәслихатының  
2016 жылғы 18 наурыздағы  
№ 44/328-V шешімге  
қосымша

**Курчатов қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары**

№	Нысан санаттарының атауы	Есептік бірлік	Нормасы, жылына 1 есептік бірлік куб. метрге
1	Жайлы, жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,25
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,15
3	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,65
4	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,21
5	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек орын	1,08
6	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,20
7	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,60
8	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,18
9	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,85
10	Машиналардан сату	сауда орны 1 м <sup>2</sup>	0,91
11	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,22
12	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,48
13	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,39
14	Жағажайлар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,03
15	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,77
16	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,48
17	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,17
18	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,13
19	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орын	2,09
20	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,43
21	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,38
22	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1 0 0 0 қатысушы	0,09

